



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА»

«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР, БОЛАШАҒЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ

КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР

ЖИНАҒЫ

17 сәуір, 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ

«ТРАНСВЕРСАЛЬНЫЕ НАВЫКИ: ОПЫТ, ПРОБЛЕМЫ, ПЕРСПЕКТИВЫ»

17 апреля, 2024 года



АСТАНА
2024

УДК 378
ББК 74.58
Т66

Асылбекова М.П

**«ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ТӘЖІРИБЕ, МӘСЕЛЕЛЕР,
БОЛАШАҒЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ISBN 978-601-337-983-8

Т66 «Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамытудың инновациялық моделін әзірлеу және енгізу (Финляндия, Эстония тәжірибесі негізінде)» тақырыбындағы 2022-2024 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру жобасы аясындағы «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Трансверсалды дағдылар: тәжірибе, мәселелер, болашағы» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (Астана қ., 17 сәуір, 2024ж.) / М.П.Асылбекова. © Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024., - 311б.

ISBN 978-601-337-983-8

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены материалы международной научно-практической конференции «Трансверсальные навыки: опыт, проблемы, перспективы».

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-337-983-8

© Астана: “Булатов А.Ж.” ЖК, 2024 -ISBN

Редакция алқасы:

Асылбекова М.П. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Сейітқазы П.Б. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

МАЗМҰНЫ

№	Автор(лар), мақала тақырыбы	Беттер
Пленарлық мәжіліс		
1	Асылбекова М.П., Отарова Т.Н. Болашақ мұғалімдердің трансверсалды дағдыларын дамыту тәжірибесі	3
2	Mourat Tchoshanov Designing and studying stem learning in digital age via blended approach of engineering, learning sciences, and didactics	9
3	Ширбачеева Г.Ш. Педагогические вызовы современности: поиск новых подходов к образованию в социокультурной ситуации	12
4	Вахидова Л. В. Теория и технология профессионального развития педагога в контексте трансверсальности	15
5	Кожамкулова Г.Е. Интеграция трансверсальных навыков в содержание куррикулума» (на примере куррикулума Назарбаев Интеллектуальных школ)	20
6	Садикова Ш.А. Теоретико-методологические представления об образовательной среде и основаниях ее проектирования	25
7	Ахмедьянова А.Х. Демонстрация как инструмент оценки профессиональных и трансверсальных компетенций будущих педагогов	30
8	Санатбай П.А. Кәсіби даярлау үдерісінде Soft skills дағдыларын дамыту: шетел тәжірибесі	33
9	Шабаева Г. Ф., Яшина В. И., Чинаева З. М. Инновационная подготовка студентов в полилингвальной и цифровой профессиональной среде по дошкольному профилю в рамках речевого развития детей.	39
10	Baimuldinova G. Thriving in transition: how transversal skills support students in university socium	43
1 СЕКЦИЯ: ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАР: ШЕТЕЛДІК ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕ		
11	Сейітказы П.Б., Махмут Читиль, Ырымбаева Н.А. Медиабілім үдерісінде трансверсалды дағдыларды дамыту	51
12	Абильдина С.Қ., Мукушева А.Н., Дагарова Ж.У. Шағын жинақты бастауыш сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамытудың теориялық негіздері	55
13	Абдуллаева Н. М. Тенденции развития образования на современном этапе образовательного процесса	58
14	Абдуллаева Н. М., Шербачеева Л.С. Использование технологий 4К для стимулирования ученической мотивации	62
15	Сламбекова Т.С., Шакаримова К. К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби имиджін қалыптастырудағы трансверсальды дағдылардың мүмкіндіктері	66
16	Есекешова М.Д., Тастанбекова Н.Д., Аубакиров А.К. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру - басты міндет	72
17	Ботабаева А.Е., Ажибаева Р. Е. Болашақ педагогтердің трансверсалды дағдыларын қалыптастыруда онлайн оқыту платформаларын пайдаланудың маңыздылығы	77
18	Сейітказы П.Б., Кошанова М. Т. Медиа құзыреттілікті қалыптастырудың педагогикалық функциялары	81
19	Шаханова Э.А. Педагогикалық білімнің қолданылу ерекшеліктері	86

20	Otarova T. N., Zhanabaeva A.K. The importance of internet resources in learning	90
47	Молдабай А.М., Саурыкова Ж.М. Issues of terminology systematization»	190
48	Салкынбаева А.М. Тиімді оқыту және тәлімгерлік құпиялары	192
49	Тнимова Ю.М., Нурманалиева У.Т. Compound complex sentences in the english language	196
50	Seisebayeva B.T.,Tolkumbekova A. K. «E-learning as one of the forms of implementation of the learning process»	198
51	Seisebayeva B.T. Peculiarities of development of modern methods in foreign language teaching	202
52	Seitova Z.A. The study relevanceof future teachers’ social intelligence	207
53	Toregeldieva A. N., Tulebayeva S.K. Using a foreign language in information technology in modern conditions	212
54	Хасенқызы Т., Акрамова Ә.С. Білім беруді цифрландырудағы тәуекелдер	215
55	Аканова А. А., Искакова М. О. Оқытудың белсенді әдістері – сапалы білім беру негізі	221
56	Гайбуллаева С. С., Уалиева Н. Жастармен әлеуметтік педагогикалық жұмыстың ерекшеліктері	224
57	Калматаева А. М., Калымбетова Д. Ж. Церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға арналған логопедиялық түзету жұмыстарының әдістемесі	229
58	Кошимбетова З. Д., Наурызбай Д. Б., Абдигаппарова А.Е. Вербализм вербальды балаларды диагностикалауға арналған тапсырмалар	233
59	Санбаева Б., Есенова К. Сравнительный анализ процессов социально-педагогической адаптации иностранных студентов в образовательных учреждениях Казахстана и Турции: вызовы, стратегии и перспективы»	235
60	Рсалы Г. М.Даярлық тобы балаларын мектепке дайындау мәселелері	243
61	Кәдірбай Ә. Б., Шамбулкерева Б.Н., Нұрхан Д. Е. Есту қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары мен әдіс-тәсілдері	247
62	Дарменова А.Е Цифрлану жағдайында білім алушылардың трансверсалды дағдыларын дамытудың маңыздылығы	252
63	Аликулова С. А., Болатқызы А. Аутизм – психикалық дамудың бұзылуы	257
64	Гайбуллаева С. С., Алыбай Ж. Жасөспірімдік агрессия – әлеуметтік-педагогикалық мәселе	261
65	Байқоңырова Ж. Балалардағы дизартрия бұзылысына жалпылама сипаттама	265
66	Ахметова Т.Ш. Интертеймент технологиясының заманауи білім берудегі маңызы	268
3 СЕКЦИЯ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ БҮЙІНШІ МЕКТЕП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ		
67	Сламбекова С.Т. Дарынды балалардың әлеуметтік - эмоционалды әл-ауқатын психологиялық қолдаудың ерекшеліктері	273
68	Ныгманбеков К. М. Педагогтердің кәсіби даму мониторингін зерделеу арқылы даму жоспарын әзірлеу	276
69	Мамыракина Ф. С. Тіл сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының креативті жазылым дағдыларын дамыту»	280
70	Шаханова Э.А., Сманова Л.У. Влияние стиля воспитания на специфику семейных конфликтов в подростковом возрасте	290
71	Ыбырайқызы А., Нұғыманова Н. Ә. Ертегі - халық педагогикасының көне жауһары	297
72	Тусипжанов Б.А. Кемпіркосақ» бейнелеу өнері үйірмесі	301
73	Аханова А. К. Мағжанның маржан мұрасы	304

https://firpo.ru/netcat_files/25/58/h_407d8ba29893d096264fd55801ea7fb3 (дата обращения: 11.01.2024).

3. Распоряжение Правительства Российской Федерации от 29 мая 2015 г. N 996-р г. Москва «Стратегия развития воспитания в Российской Федерации на период до 2025 года» URL: <https://rg.ru/documents/2015/06/08/vospitanie-dok.html> (дата обращения: 11.01.2024).

4. Шульц О. Н., Ильина Н. Н. О возможности формирования трансверсальных компетенций в профессионально-педагогическом вузе URL: https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/38462/1/978-5-8295-0798-5_2021_070.pdf (дата обращения: 11.01.2024).

ХҒТАР 14.35.07

КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНДЕ SOFT SKILLS DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ: ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

Санатбай Перизат Айбекқызы

sanatbayperizat@mail.ru

8D01801 – Әлеуметтік педагогика білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Асылбекова Марзия Пазыловна

marziya_asyzbekova@mail.ru

п.ғ.к, қауымдастырылған профессор, «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аннотация. Қазіргі заманғы еңбек нарығының тәжірибесі көрсеткендей, тез өзгеретін әлемде тек қатаң, техникалық дағдыларға бағдарлану болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби жетістіктерін қамтамасыз ете алмайды, soft skills дағдыларын дамытудың барабар қажеттілігі туындайды. Тәжірибе көрсеткендей, кәсіби саладағы терең білім мен тәжірибеге ғана сүйену жеткіліксіз. Болашақ мамандар үшін кәсіби қызметте табысты болуға көмектесетін дағдылар қажет. Әр түрлі зерттеулерді талдау негізінде авторлар бұл дағдылар soft skills екенін анықтады. Авторлар мақалада болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесінде soft skills дағдыларын дамытудағы шетелдік зерттеулер мен тәжірибелер талданды. Шет елдердің тәжірибесі негізінде әлеуметтік педагогтардың маңызды soft skills дағдылары анықталды.

Annotation. The experience of the modern labor market shows that in a rapidly changing world, an orientation only on rigid, technical skills cannot ensure the professional success of future social teachers, there is an adequate need to develop soft skills skills. As practice shows, it is not enough to rely only on deep knowledge and experience in the professional field. For future professionals, skills are needed that will help them be successful in professional activities. Based on the analysis of various studies, the authors found that these skills are soft skills. The authors of the article analyzed foreign research and experience in the development of soft skills in the system of professional training of future specialists. Based on the experience of foreign countries, the most important soft skills skills of social teachers were identified.

Түйін сөздер: soft skills, дағдылар, кәсіби даярлау жүйесі, hard skills, әлеуметтік педагогтар

Keywords: soft skills, skills, professional training system, hard skills, social teachers

Заманауи қоғам жағдайында кез келген мамандық иесі жетістікке жету үшін тек қана терең білім мен тәжірибеге сүйену жеткіліксіз, сонымен бірге бірыңғай дағдылар кешені де қажет. Технология біздің өмірімізге неғұрлым терең енген сайын, икемді, бірыңғай кешенді

дағдылары дамыған мамандар соғұрлым сұранысқа ие болуда. Бүгінгі таңда отандық әдебиеттерде әлі күнге дейін аталған икемді дағдылардың, құзыреттіліктердің толық мазмұның жеткізетін кең ұғым болмағандықтан ағылшын тіліндегі *soft skills* термині жиі қолданылады. *Soft skills* – жеке немесе шашыраңқы дағдылар емес, олар бірыңғай дағдылар жиынтығы, сондай-ақ заманауи қоғам жағдайында маманның тұлғалық сапаларын, басқа адамдармен және мекемелермен қарым-қатынасын сипаттайды, белгілі бір қызметті жеңілдетеді, функционалды және *hard skills* дағдыларына қосымша маңызды жеке қасиеттері ретінде қарастырылады.

Салыстырмалы-тарихи талдау арқылы қазіргі таңда *soft skills* дағдылары болашақ мамандар үшін аса өзекті мәселе екендігі айқындалды, яғни мансаптық тұрғыда, жұмыстың тиімділігін қамтамасыз етуде тек техникалық дағдыларға сүйену жеткіліксіз, себебі *soft skills* дағдылары маманның қызметінің өнімділігінде шешуші ролді атқаратындықтан соңғы жылдары мекеме басшылары осы дағдылардың болашақ қызметкерлерінің бойында қалыптасуына баса назар аударуда [1]. Бұл өз кезегінде *hard skills* дағдыларының маңыздылығын жоймайды, себебі бұл белгілі бір нақты қызметке бағытталған кәсіби құзыреттіліктер. Кез келген маман өзінің кәсіби міндеттерін орындау үшін білімдер мен *hard skills* дағдыларына ие болу керек. Дегенмен, жоғарыда айтып өткеніміздей *soft skills* дағдылары көп жағдайда қызметкерлердің құныдылығы мен өнімділігін арттырады. *Soft skills* дағдылары мамандықтың ерекшелігіне тәуелді емес, оларды кейде «жалпыадами дағдылар» деп те атайды, мәселен стрессті жеңе білу дағдысы, топта жұмыс жасай алу, өздігінен білім алу, цифрлік дағдылар және т.б.

Soft skills дағдыларының маңыздылығы жөнінде алғашқы зерттеулер осыдан 100 жыл бұрын жүргізілген. 1918 жылы Карнеги Қоры осы саладағы зерттеулерінің нәтижесін жариялаған болатын: инженер мамандарының жұмысының сәттілігі 85% жақсы дамыған *soft skills* дағдыларына және тек 15% техникалық дағдыларға байланысты [2].

«*Soft skills*» термині алғаш рет 1960 жылдары АҚШ әскери саласында пайда болған. Ол кезде *soft skills* техниканы басқарумен байланысы жоқ кез келген құзыреттіліктерді қарастырған, сонымен бірге жеке құрамды басқаруда және психологиялық тұрғыда жұмыс жасауда шешуші ролді атқаратын дағдылар деп анықтаған. 1972 жылдан бастап бұл ұғым кең көлемде оқулықтарда әскери дайындықты жобалау жүйесінде қолданылған. Термин қоғамдық өмірдің басқа да саларына еніп, өзгеріске ұшырап, кәсіби ерекшеліктен тыс құзыреттіліктерді сипаттай бастады. Жыл сайын *soft skills* ұғымына енетін дағдылар, құзыреттіліктер тізімі ұлғайып, жаңа басымдықты *soft skills* дағдылары пайда бола бастады.

Soft skills дағдыларын әлеуметтік дағдылар, әмбебап дағдылар немесе атқарушылық дағдылар ретінде сипаттайды. Қазіргі таңда ғылымда *soft skills* ұғымына бірмағыналы түсініктеме берілмеген.

Оксфорд сөздігінде *soft skills* ұғымы басқа адамдармен тиімді және үйлесімді өзараарекеттесуге мүмкіндік беретін адамның тұлғалық қасиеттері деген анықтама беріледі (Oxford English Dictionary, 2005) [3].

Soft skills – өзінің жұмыс орнына ендіре алатын және ұқсас дағдылар мен тәжірибелерге ие адамды басқалардан ерекшелендіретін тұлғалық сапалар, атрибуттар, таланттар немесе мақсаткерліктің деңгейінің жиынтығы (Perrelaut H., 2004) [4].

Soft skills эмоциялар мен ойлаудың оңтайлы үйлесімі және сезімдерді сәйкестендіру, түсіну, пайдалану және оларды басқару қабілетінен тұрады (Khaoouja I., Mezzour G., Carley K. M., Kassou I., 2019) [5].

Зерттеушілер *soft skills* ұғымын өздерінің қабылдауы мен ғылыми қызығушылықтар аясы призмасы арқылы қарастырады және анықтайды. Дегенмен барлық анықтамалар ішінара өзара және кейбіреулері бір-бірімен тығыз байланысты.

Арбатская Е.А., Тарханова Е.Г. зерттеулерінде *soft skills* ұғымына қатысты Elibrary ғылыми электронды кітапхана бойынша әртүрлі авторлардың анықтамаларына талдау жасалу арқылы жалпы ұғымдар анықталып, сол ұғымдардың қайталану жиілігі айқындалды. Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек *soft skills* термині бойынша «дағды», «сапа» және

«құзыреттілік» ұғымдары жиі қолданылды. Ғалымдардың пайымдауынша soft skills терминіне қатысты жалпы ұғымдардың әртүрлілігі терминологиялық тұрғыда айқын еместігін және теориялық базасының қалыптаспандығын дәлелдейді (Арбатская Е.А., Тарханова Е.Г., 2020) [6]. Алайда бұл soft skills дағдыларының болашақ мамандарды даярлауда маңыздылығын төмендетпейді.

Soft skills сипаттайтын терминология әр елде әртүрлі, мәселен Австралияда – «түйінді құзыреттер», «жұмсақ дағдылар», «жұмысқа орналастыру дағдылары»; Ұлыбританияда – «түйінді дағдылар», «базалық дағдылар»; Жаңа Зеландияда – «негізгі дағдылар»; АҚШта – «қажетті дағдылар», «жұмысқа орналастыру дағдылары»; Ресейде, Қазақстанда – «жұмсақ дағдылар», «икемді дағдылар», «жұмсақ құзыреттіліктер». Терминологияның түрлілігіне қарамастан, soft skills ұғымының кең мағынадағы анықтамасын ұсынуға болады: «жеке тұлғалық дамуға, әлеуметтік өмірге қатысуға және жұмыс орнында табысқа жетуге қажетті ішкі және тұлғааралық (әлеуметтік-эмоционалды) дағдылар». Soft skills дағдыларының hard skills дағдыларынан бірнеше басты ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

- даму дәрежесін нақты анықтау қиын, өйткені дағдылар өлшеу шкаласына сәйкес келмейді, нақты бағалау критерийлері жоқ және игеруге қиын;

- әртүрлі мәнмәтінде қолданылады және пайдалы біліктермен сипатталады, сол себепті әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктеріне тәуелсіз.

Жоғары білім беру жүйесін студенттердің бойында soft skills дағдыларын дамытуға қайта бағдарлануы болашақ еңбек қызметінің табыстылығын қамтамасыз етудің негізгі көзі болып табылады. Soft skills дағдыларының маңыздылығы төңірегінде жүргізілген зерттеулер бұл дағдыларға ие болған мамандардың ұзақ уақыт бойы сұранысқа ие болатынын дәлелдеді. Мысалы, Wall Street Journal зерттеулеріне сәйкес, басшылардың шамамен 90% soft skills дағдылары дамыған мамандардың жетіспеушілігін сезінеді.

Ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізу арқылы soft skills ұғымының негізгі ережелері айқындалды, сонымен бірге болашақ кәсіби қызметте бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін студенттердің жоғары оқу орындарында кәсіптік оқыту барысында ие болған кәсіби және әлеуметтік дағдылардың жиынтығы ретінде анықталады.

Көптеген зерттеулер нәтижелері soft skills дағдыларының қызметкерлердің әртүрлі салаларда, әртүрлі мамандықтарда және әртүрлі мекемелерде жұмыс істеуі мен жетістікке жетуі үшін төтенше маңызды екенін дәлелдеді (Yao M., Zhou X.Y., Xu Z. J., Lehman R., Haroon S., Jackson D., Cheng K.K., 2021; Schott C., Roedel H., Tummers L.G., 2020; Pang Y., Wu Q., Bi J., Wang J., 2021) [7; 8; 9].

Soft skills дағдыларының еңбек нарығында маңыздылығын ескере отырып, Вена университетінің қабырғасында Petra Oberhuemer 2012 жылдың 25 мамырында «Soft Skills аккредиттеу арқылы жоғары білім беруді жаңғырту» (ModES) жобасын ұсынды (Oberhuemer P., 2012) [10]. ModES жобасының жалпы мақсаты студенттердің профильдерін байыту үшін академиялық бағдарламаларға/курстарға еңбек нарығында қажетті soft skills дағдыларды біріктіруді қолдау болып табылады. P.Oberhuemer бойынша soft skills – бұл когнитивті және метакогнитивті дағдылардың, тұлғааралық дағдылардың, интеллектуалды және практикалық дағдылардың динамикалық үйлесімі. Soft skills дағдылары адамдарға бейімделуге және позитивті болуға көмектеседі, осылайша олар өздерінің кәсіби және күнделікті өміріндегі қиындықтарды тиімді шеше алады. Осы жобаға сай заманауи soft skills дағдыларын үш аспект тұрғысынан қарастыруға болады:

- 1) тұлғалық: оқыту дағдылары; стресске төзімділік; өмір балансы;

- 2) әлеуметтік: коммуникация; топтық жұмыс; байланыс желісі; келіссөздер; қақтығыстарды басқару; басшылық; мәдениетке бейімделу;

- 3) әдістемелік: клиентке/пайдаланушыға бағдарлану; үнемі жетілдіру; өзгерістерге бейімделу; нәтижелерге бағдарлану; талдау дағдылары; шешім қабылдау; басқару дағдылары; зерттеу жүргізу және ақпаратты басқару дағдылары (Oberhuemer P., 2012) [10].

Қазақстан және ТМД елдерінде салыстырмалы түрде soft skills мәселесіне ғылыми назар соңғы онжылдықта аударылуда, сол себепті қазіргі таңда болашақ әлеуметтік

педагогтарға қажетті soft skills тізбегі бойынша зерттеулер жоқтың қасы. Осыған орай мақала көлемінде шетелдегі зерттеулерге талдау жүргізілді:

1) Малайзия Утара университетіндегі әлеуметтік қызметкерлерді даярлайтын педагогтарға терең сұхбат өткізу арқылы, болашақ мамандардың бойында қажетті soft skills дағдыларын айқындады: коммуникативті дағдылар; рефлексивті дағдылар; ықыластылық, қамқорлық; сыни тұрғыдан ойлау дағдысы; топта жұмыс істеу дағдысы; лидерлік қасиеттер (Shaffie F., Md-Ali R., Yusof F.M.) [11].

2) Шотландия еліндегі білім беру мекемелеріндегі болашақ әлеуметтік қызметкерлерде келесі soft skills дағдыларының болуын талап етеді: оң кәсіби қарым-қатынас дағдылары; қайшылықты теңестіре білу дағдылары; тиімді, сезімтал жұмыс істеу біліктері; әлеуметтік мәселенің салдарын түсінуге қабілетті болу дағдылары; топта тиімді жұмыс істеу дағдылары; дәлелдер мен ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары; тиімді көмек пен серіктестік қарым-қатынас дағдылары; тұлғааралық және тұлғаишілік қақтығыстарды шешу дағдылары (The framework for Social Work education in Scotland, 2003) [12].

3) АҚШ-тың білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік қызметкерлерге қажетті soft skills дағдыларының тізбегі: белсенді тыңдау; қарым-қатынас дағдылары; эмпатия; шекараларды белгілеу; сыни тұрғыдан ойлау; уақытты басқару; мәдениет туралы хабардар болу (Soft Skills for Social Workers, 2023) [13].

Аталған зерттеулерді талдаудың негізінде әлеуметтік педагогтар үшін soft skills дағдыларының маңыздылығы айқындалды және болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісінде оқу бағдарламасы аясында осы дағдыларды дамыту үшін әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласындағы ресми білім берудің маңыздылығы белгіленді.

Soft skills дағдыларын ғалымдар болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби әлеуметтенуінің бір бөлігі ретінде де қарастырады және маманның кәсіби, әлеуметтік құзыреттілікке жетуін қамтамасыз етеді (Millar A., Devaney J., Butler M., 2019) [14].

Soft skills дағдыларын жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлау кезінде дамыту қажет екені хақ. Сол себепті жоғары білім берудің оқу бағдарламаларына soft skills дағдыларын енгізу мәселесі бірнеше зерттеулерде қарастырылған. Мәселен:

- АҚШ-тың Мичиган және Флорида жоғары оқу орындарындағы денсаулық сақтауды басқару бағдарламасының түлектерінде soft skills құзыреттіліктерін дамыту (Green-Weir R.R., Anderson D., Carpenter R.);

- Израиль мемлекетінің білім беру, денсаулық сақтауды басқару, әлеуметтік жұмыс бағытындағы бакалавр ағымындағы студенттерге қалыптастырушы бағалау бойынша кері байланыс әдістерімен сүйемелденетін құзыреттіліктер негізінде оқыту тұлғалық, әлеуметтік, әдістемелік soft skills дағдыларының дамуына оң әсері (Alta D., Naamati-Schneiderb L., Weishut D.J.N.)

- АҚШ-тың орта батысындағы жоғары оқу орындарындағы белсенді оқыту технологиялар, топтық жобалар қолдану, құрдастарымен мағыналы қарым-қатынас орнату негізінде студенттердің soft skills дағдыларын жетілдірудің қолайлы ортасын құру (Stalp M.C., Hill S.);

- soft skills дағдыларын дамытуда жоғары білім беру жүйесінің маңыздылығы мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына soft skills дағдыларын кіріктіру (Almeida F., Morais J.);

- Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасында университет жағдайында soft skills дағдыларын қалыптастыру ерекшеліктері, оқу үдерісінің мүмкіндіктері мен soft skills дағдыларын тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары (Айжанова Г.К.);

- Украина еліндегі ғалымдар жоғары оқу орындарында soft skills дағдыларын дамыту тәжірибесін зерттеп, оларды дамыту мен қолдану мәселелерімен тікелей байланысты академиялық нормаларды сақтау мәселелерін талдап, жоғары оқу орындарында тек аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге тақырыптық орталықтарда да жүргізілу қажет деген ұсыныстар берілді (Визнюк В., Ткачук И., Сосновенко Н.).

Бұл зерттеулер білім беру жүйесінде soft skills дағдыларын дамыту, оқу бағдарламаларына кіріктіру мәселесі қиын міндеттердің бірі екенін нақтылайды. Себебі, өзгермелі қоғам жағдайында еңбек нарығына қажетті soft skills дағдыларының көбісі бүгінгі оқу жоспарларында тіпті қарастырылмайды. Жоғары оқу орындарының көбісі өздерінің бағдарламаларын техникалық және пәндік дағдыларға бағыттайды, ал қазіргі қоғам өз кезегінде шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлай алатын, топтың мүшесі бола алатын, өзінің дамып-жетілуіне жауапкершілік ала алатын, топ пен қоғамда оқытуға жағдай жасай алатын, айтарлықтай басқару қабілетіне және жақсы қарым-қатынас дағдыларына ие «идеалды түлектерді» қажет етеді. Осы soft skills дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары когнитивті қабілеттермен қатар тұлғалық дамудың элементтерінің маңыздылығын ескеруі тиіс, яғни әрбір мамандықтың іргелі білімдерінен бөлек, оқыту теориясы, әлеуметтік психология, мінез-құлық, қарым-қатынас, фасилитация, ұйымдастыру мен басқару ғылымдарын қамту қажет және де олар тұжырымдамалық тұрғыдан түсініліп іс жүзінде игерілуі керек.

Қазіргі қоғамның дамуы білім беру жүйесіне үлкен талаптар қояды, оның ішінде жоғары білім беру жүйесін дамыту қажеттілігі туындайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан педагогикалық жүйе жойылмауы тиіс, керісінше эволюция жолымен бірте-бірте дамып, педагогикалық акценттер ауысуы қажет. Жоғары оқу орындарында білім алушыларға қойылатын жаңа талаптар кәсіби шеберліктің құзыреттілік деңгейінен туындап, болашақ мамандарды кәсіби даярлау үдерісіне әсер етеді. Бүгінгі таңда студенттерді оқыту іс-әрекеттік-практикалық компонентіне бағытталған, онда болашақ маман оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру жағдайында оның кәсіби қызмет саласына қатысты практикалық құзыреттерге ие болады. Қазіргі заманғы еңбек нарығы жоғары кәсіби маманды ғана емес, сонымен қатар кәсіби дағдылардан тыс жүйеде байқалатын әлеуметтік-эмоционалды дағдылары дамыған құзыретті қызметкерді іздеуді маңызды деп санайды. Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, қазіргі таңда жоғары оқу орындары болашақ мамандардан тек тамаша кәсіби білім мен тәжірибені ғана емес, сонымен қатар soft skills дағдыларды дамытуды талап ету керек.

Мәселен, Малайзия мемлекетінде жоғары оқу орындарында студенттер арасында soft skills дағдыларын, құзыреттіліктерін дамыту міндетті шарт болып табылады. Малайзия Утара университетінің ғалымдары Fuziah Shaffie, Ruzlan Md-Ali, Fahainis Mohd Yusof өз зерттеулерінде қазіргі таңда жас мамандардың арасындағы жұмыссыздықтың басты себебі soft skills дағдыларының жеткіліксіздігі деп көрсетеді. Жоғары оқу орындарының түлектері біліктілік емтихандарында жақсы көрсеткіштер көрсеткенімен, олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етпейді. Егер жоғары оқу орындарында кәсіби даярлау үдерісінде студенттер soft skills дағдыларын өз бойында дамыта алмаса ол жұмыссыздық мәселесін тудыртуы мүмкін [15]. Ismail Baba, Fuziah Shaffie болашақ әлеуметтік қызметкерлер адамдармен қоғамда қарым-қатынасқа түсетін мамандық иелері болғандықтан, олардың бойында soft skills дағдыларын дамыту маңызды деп есептейді [16].

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында да мамандардың бойында soft skills дағдыларының қажеттілігіне баса назар аударуда. Себебі, қоғам заманауи тенденциялардың әсерінен қазіргі таңда тек қана құзыретті әлеуметтік педагог болу, яғни әлеуметтік-педагогикалық көмекті жүзеге асыруда нақты дағдыларды қолдану жеткіліксіз. Әлеуметтік педагогтар әртүрлі санаттағы балалар мен жасөспірімдермен, ата-аналармен, педагогтармен етене жұмыс жасағандықтан адами ресурстары сапалы, өзінің қызметтік міндеттерін жақсы орындай алатын, пайда болған әлеуметтік-педагогикалық мәселені шеше алатын, бейімділігі жоғары және т.б. талаптар қойылады. Мамандардың пікірінше бұл жақсы дамыған soft skills дағдылары арқылы жүзеге асырылады.

Шетелдерде жоғары оқу орындарында студенттерде soft skills дағдыларын дамыту мәселесі 2000 жылдардан басталды. Осы уақыт аралығында болашақ маман үшін soft skills дағдыларының қажеттілігін дәлелдейтін бірнеше зерттеулер жүргізілді:

- 2004 жылы D.Golemon, R.Boyatzis, A.McKee ақпараттық технологиялар компанияларының басшыларымен сұхбат өткізудің нәтижесінде қызметкерелірінің жүргізген

жобаларының сәтсіздігінің себебін техникалық дағдылармен емес, тұлғааралық дағдылардың немесе soft skills дағдыларының болмауымен байланыстырады. Зерттеудің нәтижесінде студенттер өздерінің мансабына қажетті техникалық дағдылардан басқа, әлеуметтік немесе эмоционалды интеллектті дамыту керек деген тоқтамға келді [17];

- 2019 жылы W.Teng әр түрлі елдердің жоғары оқу орындарындағы және дайындықтың әртүрлі бағыттарындағы студенттердің арасында сауалнамалар жүргізу арқылы олардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін soft skills дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығын түсіне бастағанын анықтады [18];

- 2018 жылы Jiří Balcar, Milan Šimek, Lenka Filipová өз зерттеулерінде Чехия мемлекеттік университетінің түлектерінің soft skills дағдыларының талап етілетін деңгейі 42% жоғары болғанымен, жұмыс берушілер түлектердің soft skills деңгейін жеткіліксіз деп санайтынын анықтады. Өйткені олардың деңгейі талап етілгеннен 16,46-31,15% төмен. Неғұрлым егжей-тегжейлі талдау жұмсақ дағдыларды дамыту тұрғысынан Чехия университеттері өте біртекті қызметтерді ұсынатынын көрсетті. Бұл нәтижелер Чехия университеттеріне soft skills дағдыларды жүйелі түрде дамытуға көбірек көңіл бөлу керектігіне баса назар аударады [19].

Ғалымдардың пайымдауынша soft skills дағдылары студенттер үшін жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін тек академиялық емес, сонымен бірге кәсіби мақсаттарға жетуде көмек береді деген түсінік көбеюде. Мәселен, Shaffie F., Ali Md.R., Yusof M.F. өздерінің зерттеулерінде soft skills дағдыларын әлеуметтік қызметкер мансабына енгізу кәсіби, сонымен бірге әлеуметтік құзыреттілікке жетудің ең тиімді әдісі деп болжайды.

Демек, жоғары оқу орындарының оқытушылары студенттердің бойында академиялық білімдер немесе hard skills дағдыларын ғана емес, сонымен бірге жұмсақ немесе soft skills дағдыларын міндетті түрде дамытуды көздеу қажет және осы тұрғыдан оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын қайта қарастыру керек.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Andrews J., Higson H. Graduate employability, 'soft skills' versus 'hard' business knowledge: A European study // Higher Education in Europe. 2010. № 33 (4): Employability, Mobility and the Labour Market. P. 411–422.
2. Mann Charles Riborg. A study of engineering education: prepared for the Joint committee on engineering education of the national engineering societies. – New York, 1918.
3. Soft skills. Oxford English Dictionary <https://www.oxfordlearnersdictionaries.com/definition/english/soft-skills?q=soft+skills>
4. Perreault H. Business educators can take a leadership role in character education // Business Education Forum, 2004. - №59(1), P.23-24.
5. Khaouja, I., Mezzour, G., Carley, K. M., & Kassou, I. Building a soft skill taxonomy from job openings // Social Network Analysis and Mining, - 2019. - №9(1). <https://doi.org/10.1007/s13278-019-0583-9>
6. Арбатская Е.А., Тарханова Е.Г. Исследование содержания понятия soft skills// Креативная экономика. – 2020. – Том 14. – № 5. – С. 905-924.
7. Yao M., Zhou X.Y., Xu Z. J., Lehman R., Haroon S., Jackson D., Cheng K.K. Prevalence of Postural Hypotension in Primary, Community and Institutional Care: A Systematic Review and Meta-Analysis // BMC Family Practice. – 2021. – №22 (1), P.1– 23.
8. Schott C., Roekel H., Tummers L.G.. Teacher Leadership: A Systematic Review, Methodological Quality Assessment and Conceptual Framework // Educational Research Review. – 2020. - №31:100352.
9. Pang Y., Wu Q., Bi J., Wang J. Effectiveness of Hierarchical, Diversified Soft Skills Training in Clinical Nursing Training // International Journal of Clinical Practice – 2021. – №75 (12).
10. Oberhuemer P. Modernising higher Education through Soft Skills Accreditation. The ModES Handbook. – University ofVienna, 25 May 2012. – 14 p.

11. Shaffie F., Md-Ali R., Yusof F.M. Conceptualization of Soft Skills as Part of the Professional Socialization of Social Workers // Jurnal Pembangunan Sosial (Edisi Khas) Policy & Profesional Development, 2016. – P.101-116. <http://dx.doi.org/10.32890/jps.19.2016.11530>
12. The framework for Social Work education in Scotland. [Электрондық ресурс]: URL:<http://www.scotland.gov.uk/Publications/2003/01/16202/17019> (өтінім берілген күні 12.07.2023).
13. Soft Skills for Social Workers. – January 27, 2023. [Электрондық ресурс]: URL:<https://readystudy.com/soft-skills-for-social-workers/> (өтінім берілген күні 12.07.2023).
14. Millar A., Devaney J., Butler M. Emotional Intelligence: Challenging the Perceptions and Efficacy of «Soft Skills» in Policing Incidents of Domestic Abuse Involving Children // Journal of Family Violence. – 2019. - №34 (6), P.577–588. <https://doi.org/10.1007/s10896-018-0018-9>.
15. Fuziah Shaffie, Ruzlan Md-Ali, Fahainis Mohd Yusof. Conceptualization of Soft Skills as Part of the Professional Socialization of Social Workers (Konsepsualisasi Kemahiran Insaniah sebagai sebahagian daripada Sosialisasi Professional Pekerja Sosial) Jurnal Pembangunan Sosial (Edisi Khas) Policy & Profesional Development: 2016, 101-116 P.
16. Ismail Baba & Fuziah Shaffie (2014). Indigenization or Culturally Relevant vs. Advancing Universal of Social Work Education and Practice in Malaysia. Asian Center for Welfare in Societies (ACWeS), Social Work Research Institute, Japan College of Social Work.
17. Golemon, D. Boyatzis, R. & McKee, A. (2004). Primal leadership: Learning to lead with emotional intelligence. New York: Perseus Publishers.
18. Teng W. et al. Graduate Readiness for the Employment Market of the 4th Industrial Revolution: The Development of Soft Employability Skills // Education and Training. 2019. Vol. 61. № 5. P. 590-604.
19. Balcar J., Simek M., Filipová L. Soft skills of Czech graduates // Review of Economic Perspectives. 2018. № 18 (1). P. 45–60. – URL: https://www.researchgate.net/publication/323925663_Soft_Skills_of_Czech_Graduates

ИННОВАЦИОННАЯ ПОДГОТОВКА СТУДЕНТОВ В ПОЛИЛИНГВАЛЬНОЙ И ЦИФРОВОЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ СРЕДЕ ПО ДОШКОЛЬНОМУ ПРОФИЛЮ В РАМКАХ РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ ДЕТЕЙ

Шабаева Гузель Фагимовна

кандидат педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой дошкольной педагогики и психологии Института педагогики ФГБОУ ВО «БГПУ им. М.Акмиллы, г. Уфа Республики Башкортостан, Россия

Яшина Валентина Ивановна

кандидат педагогических наук, профессор кафедры теории и методики дошкольного образования факультета дошкольной педагогики и психологии Московского педагогического государственного университета, г. Москва, Россия

Чинаева Зилия Мансуровна

89649645959@mail.ru

заведующий МАДОУ д/с № 264 ГО г.Уфа, Республики Башкортостан, Россия

Аннотация. В статье раскрывается актуальность создания и специфика функционирования системы современной интерактивной подготовки студентов ВУЗа по компетенции «Дошкольное воспитание» как средства формирования готовности современного педагога дошкольного образования к раннему полилингвальному развитию детей, как центра развития профессиональных компетенций, современной инновационной площадки подготовки будущих воспитателей и повышения квалификации педагогов-